

Атырау облысы Білім беру басқармасының
Құрманғазы аудандық білім бөлімінің «Мерей» бөбекжай
балабақшасының Коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорыны «Қамқоршылық кеңес» отырысының

ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген күні: 13.03.2025ж

Қатысқандар: «Мерей» бөбекжай балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібі:

- 1.Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау
- 2.Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Бірінші мәселе бойынша,қамқоршылық кеңесінің мүшелері дәмбике Теміртасова Ж бірге балабақша асханасына кіріп,азық-түліктің сақталу қоймасын,ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады.Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты.Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады.Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді.Балабақшаның жазғы,қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Темиртасова Р балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәруменді терапия С дәрумені кальциймен, көктем-күз айларында берілсе, тәтті бал мен лимон қосыныдысы, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді.. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Мухтарова Шолпан : балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс

сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын,-деді.

Темиралиева Ғалия : балабақшадағы науқастанудың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының барлығына қанағаттанамын. Әсіресе тәтті бал мен лимон қосындысы қыс мезгіліндегі вирусты аурулардың алдын алуға көмектеседі,-деді.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайымы Хасанова Әсем қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Хасанова Әсем Тлепбергенқызы –қамқоршылық кеңес төрайымы
2. Ғалламов Серік Утегович - қамқоршылық кеңес мүшесі
3. Жумашев Жеткешек Талғатұлы - қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Мухтарова Шолпан Амагельдіқызы - қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Камзаева Ақмарал Маданиетовна - қамқоршылық кеңес мүшесі
6. Темиралиева Ғалия Мирембековна- қамқоршылық кеңес мүшесі
7. Темиржанова Динара Айболатовна -қамқоршылық кеңес мүшесі
8. Мукашева Эльвира Бегжанқызы -қамқоршылық кеңес мүшесі
9. Қанат Абат Саясатұлы -қамқоршылық кеңес мүшесі

Шешімі:

- 1.Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;
2. Балабақшада тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті ұйымдастырылған деп есептелсін;

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



Хатшы:

Хасанова .Ә.Т

Жантемірқызы Б